



РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ  
**20**  
АСТАНА

ЕУРАЗИЯ  
ҰЛТТЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ТІҢІМ-ПРЕЗІДЕНТІ - ЕЛДАСЫНЫҢ БОРЫ



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

### **СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**F 96**

**F 96**

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 378**

**ББК 74.58**

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2018

**БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИНВЕСТИЦИЯ – АДАМИ КАПИТАЛ САПАСЫН  
ЖОҒАРЫЛАТУ БАҒЫТЫ РЕТИНДЕ**

**Ыбрайым Гауһар Талғатқызы**  
[goha\\_t.98@mail.ru](mailto:goha_t.98@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҮУ Экономика факультеті, «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының 3-курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Ерсұлтанқызы Әйгерім.

Дамыған елдердің әлемдік нарықты жаулаудағы, бәсекеге қабілетті ғылымды қажет ететін өнімдерді өндірудегі жетістіктері ең алдымен жоғары сапалы адами капиталдың болуына байланысты. Нобель сыйлығының лауреаты, атақты экономист Теодор Шульц «адами капитал» терминін қолданысқа енгізіп мынадай анықтама берді: «Адам бойындағы барлық қабілет түрлерінде немесе өмірлік дағдымен қалыптасады. Әрбір адамның тұқымдық ерекшеліктеріне байланысты түрлерінде қабілеттері болады. Тағдай қаржы бөлу арқылы дамытылатын адам бойындағы өмірде жүре қалыптасқан құнды қабілеттердің біз «адами капитал» деп атайды[1].

Адами капитал - бұл адам мен қоғамның түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қолданылатын білім, дағдылар мен біліктіліктің жиынтығы.

Адами капитал рөлінің артуы, оның құрылымы мен функцияларының кеңеюі, оны шығындаушы фактордан қазіргі қоғамның дамуы мен жұмыс істеуінің негізгі өндірістік және әлеуметтік факторына айналуы жаңа даму парадигмасын құру қажеттілігіне әкелді. Бұл жаңа парагдима біздің қалай жұмыс істейтінімізді, азаматтық құқықтарымызды қалай іске асыратынымызды, балаларымызды қалай тәрбиелейтінімізді түбебейлі өзгертуде. Адами капиталдың жаңа сапасы бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2018 жылғы 10-қаңтардағы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" деп атап аталағанын Қазақстан халқына жолдауында алдымызға 10 міндет қойды[2]. Сол міндеттің жетіншісін «Адами капитал – жаңғыру негізі» деп атап білім саласының барлық сатылары бойынша нақты міндеттер айқындалды. Жоғары білім мен біліктілікке ие өзінің тарихын, тілін, мәдениетін біледі, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін менгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық біздің қоғамымыздың идеалына негізгі ұлттық адами капиталына айналуға тиіс.

Адами капитал - инновациялық экономика мен білім экономикасын қалыптастыру мен дамытудың басты факторы. Қазақстандағы адами капиталды дамыту жағдайы салыстырмалы түрде өркендеуде. БҰҰДБ адам дамуы индексіндегі біздің орын 188 орыннан (2015) 56-шы орынды алды. Өткен жылы Адам дамуы бойынша Дүниежүзілік экономикалық форумның баяндамасында ДЭФ-2017 жаһандық бәсекеге қабілеттілік көрсеткішінде әлсіз позицияларымыз болса да: мысалы, «Денсаулық және бастауыш білім беру» салаларындағы 59-орын, «жоғары білім» саласында 56-шы және «инновациялар» бойынша 84-орын алғанымен біз әлемнің 130 елі арасында 29-шы орынды иелендік[3]. Бірақ өзге дамыған елдермен салыстырғанда, Дүниежүзілік Банктің деректері бойынша, АҚШ-тың ұлттық байлықтағы табиғи ресурстардың үлесі - 8,6% және адами капитал - 72,1% [4]. Батыс Еуропадағы бұл көрсеткіштер - 23, 2% және 74%; Ресейде - 23,37% және 40% [5]. Қазақстанда адам капиталының үлесі 18% құрайды (алдын-ала деректер). Сондықтан бізде адам индексінің үлесін 3,5-4,0 есе ұлттық міндетті түр.

Адами капиталдың дамуына кедеरігі келтіретін факторларды қарастыратын болсак, онда бұл экономиканың экспорттық және шикізаттық бағыттылығы, төмен экономикалық күрделілігі, салыстырмалы түрде төмен әлеуметтік стандарты, өнірлерде өмір сүру үшін ыңғайсыз орта, экологиялық проблемалар, білім беру жүйесінің нашарлығы және «ақыл ойдың ағылуы» (утекка мозгов).

Ақыл-ой білім мен біліктің заманында еліміз көштен қалмай басып озы үшін жастардың білім алуы мен деңсаулық сақтау саласына салынатын инвестицияның маңызы зор. Адами капитал – білім саласын дамытудың негізі. Бұғанде әлемнің дамыған мемлекеттерінде адами капиталға инвестиция салу болашақта мол табыс әкелетін дәстүрлі бизнес жоба ретінде қабылданады. Нобель сыйлығының лауреаты, экономист Гарри Беккердің айтуынша, білімге жүмсалған инвестиция болашақта орта есеппен жылдан 12-14 пайыз табыс береді екен. Тұрғындардың адами капиталын дамыту елдің жалпы экономикалық алға жылжына мүмкіндік береді. Тағы сол Гарри Беккердің айтуынша, адами капиталды бір пайызға ғана арттыру, ЕЖӨ-нің жан басына шаққандағы өсімін 3 пайызға дейін арттыратын көрінеді[6].

Адами капиталды қалыптастыруға салынатын инвестиация ақшалай және ақшалай емес болады. Дж. Кендриктің көзқарасы бойынша ресми білімнен басқа, адами капиталдың білім беру компонентіне бейресми білім беру мен отбасылық тәлім-тәрбие, яғни ол ақшалай емес инвестиация жатады. Адами капиталды құру үшін материалдық қаражат жеткіліксіз, капиталды иеленушінің еңбегі, сонымен қатар отбасы мен қоғамның рухани және мәдени салымдары қажет[7].

Бұғандың күні білім беру нарықтағы компанияның табыстылығының, елдің экономикалық өсуінің және оның ғылыми-техникалық әлеуетін арттырудың басты факторы болып табылады. Бәсекелестік күрестегі артықшылықтар енді елдің табиғи ресурстарымен емес, адами капиталдың күшімен, әрбір азаматтың білім деңгейімен және қоғам жинақтаған білім көлемімен анықталады.

Қазіргі уақытта ұлттық экономикалардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру – «білім экономикасына» аудысу. «Білім экономикасын» қалыптастыру мен дамытудың басты факторы креативтік және инновациялық адами капитал болып табылады.

Жалпы және арнайы білім беру, сондай-ақ ресми және бейресми білім беру, жұмыс орнында оқыту сияқты білім беру шығындары адами капиталға салынған инвестиациялардың ең айқын және ықтимал түрі болып табылады. Ол сапалы және өнімдірек жұмыс жасайтын еңбек ресурстарын қалыптастырады. Білім беру жүйесіндегі ахуалды жақсы білетін тәуелсіз сарапшылар дағдарысты бастаң өткеріп жатқанын айтады. Көптеген өндірістік салаларда мамандардың біліктілік деңгейі төмен, соның ішінде функционалдық біліктілік, жұмыс істеуі қажет жабдықтарды білу деңгейі төмен. Эксперттердің зерттеулері бойынша, компанияның рыноктың құнының 75% оның қызметкерлерінің білімі мен интеллектісіне тәуелді екен[8].

<b>Білім берудегі адами капиталды дамытуға кедергі келтіретін негізгі проблемалар</b>	<b>Шешу жолдары</b>
1. Білім беруге салынатын инвестиация мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын жақсартудан басталуы керек. Қазақстанда осы категориядағы мемлекеттік шығындар Еуропалық Одаққа қарағанда 10-20 есе аз және ЖІӨ-нің 0,1-0,2% -ын құрайды.	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға инвестиация бөлу; тәрбиешілердің біліктілігін арттыру және бақылау; Шығыс мақалында «балалардың қандай тәрбие алып жатқанын көріп, сол ұрпақтың 100 жылдан соң қалай өмір сүретіні туралы айтуда болады» делінгендей балаларға кішкентайынан қазақ тәрбие беріп, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру керек. Кішкентайынан шет елдің әнін тындал, өзге тілде сейлеп өскен баладан кейін ұлттың қамын ойлар азamat шықпасы анық.
2. Орта білім беру нашар материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік базамен,	Білім беру ордаларының өзіндік қор қалыптастыруына және жеке сектордан инвестиация тартуға мүмкіндік жасау.

<p>оқытудың инновациялық әдістерінің дұрыс қолданылмауымен сипатталады. Сонымен қатар, оқыту негізінен жарамсыз үй-жайларда жүргізіледі, мектептердің 50% -ы шағын, мұғалімдердің жалақысы орташа респубикалық көрсеткіштен 60% құрайды [9].</p>	<p>Бюджеттен қай жылы ақша бөлінеді еken деп күтпестен өзіндік қор қаржысын пайдалануы керек.</p>
<p>3. Еңбек нарығындағы кәсіби стандарттардың болмауы, оқыту сапасының нашарлығы, тиімсіз менеджмент және төмен қаржыландыру - техникалық және кәсіптік білім берудің негізгі мәселелері. Бұдан басқа, кәсіптік білім беру мен компаниялар арасында байланыс болмауы, тұтастай алғанда бұл тұлекторге деген сұраныстың төмендеуіне алып келеді.</p>	<p>Жыл сайын жаңа реформа енгізе бермей білім берудің жалпы стандартын құрып белгілі бір жүйемен жұмыс жасау; ЖОО мен кәсіптік-техникалық колледждердің білім беру бағдарламасын мамандыққа сәйкес жұмыс орындарымен бірге дайындау; Тұлектордің таңдаған мамандығын менгеру кезінде кейін жұмыс орында нақты қажетті білім мен біліктілікті үйреніп шығуы керек; Осы мәселені шешуде Батыстың озық жоғары оқу орындарында табысты қолданылатын мамандарды даярлаудың қосарлы жүйесін пайдалану маңызды [10]</p>
<p>4. Білім беруге бөлінетін қаржат дамыған елдерде 16% болса, Қазақстанда ЖІӨ-нің 4,0%-ы ғана. Білім саласының жеткіліксіз қаржыландырылуы ақпараттандырудың төмен деңгейіне және қазіргі заманғы технологияларды енгізуге, оқыту деңгейінің төмендеуіне және т.б. себеп болып табылады.</p>	<p>Білім мен адами капиталға көп мөлшерде қаржы бөлу заман көшіне сәйкес білімді игеруге, білікті мамандардың елде қалып қызмет етуіне мүмкіндік береді. Білім беру саласын жаңа технологиямен жабдықтап қана қоймай, соған сәйкес білім бере алатын біліктілігі жоғары оқытушылар мен профессорлардың жалақысын көтеру;</p>
<p>5. Қазақ университеттерінде ғылыми зерттеулердің саны мен оларды қолданысқа енүі Батыс университеттеріне қарағанда әлдеқайда төмен, сондай-ақ Қазақстанда ғалымдардың саны өткен ғасырдың 50-60 жылдарынан аз.</p>	<p>Ғылыми жобалардың тек қағаз беттерінде қалып қоймай инвестиция бөлініп жүзеге асып қолданысқа енгізілуі керек;</p>
<p>6. Ақыл-ойдың ағылуы көрсеткішінің (утечка мозгов) жыл сайын артып келеді. Өткен жылы 38 мың адам өзге елге қоныс аударған. Оның жартысынан астамы квалификациясы жоғары кәсіби мамандар. Көрсеткіш 2015 жылмен салыстырғанда 17%-ға артқан. Техникалық мамандардан 6,6 мың, экономикалық мамандардан 3,6 мың,</p>	<p>Мамандарға біліктілігіне сәйкес жалақы тағайындау; Қолайлы жұмыс жағдайын қалыптастыру;</p>

педагогикалық мамандардан 2,6 мың адам көшіп кеткен.

Адами капитал - интеллект, денсаулық, білім, сапалы өнімді жұмыс және өмір сүру сапасы. Адами капиталдың жоғары болуындағы негізгі фактор – білім. Еліміздің болашағының жарқын болуы, мәңгілік ел болуымыз жоғары білім мен біліктілікке ие азаматтардың қолында. ХХІ ғасыр - ғылым мен білімнің ғасыры екендігі мәлім. Қазақстанның адами әлеуетін одан әрі дамытудың кілті біздің әрқайсымыздың адами әлеуетімізге тікелей байланысты екенін түсіну болып табылады. Сондықтан өз әлеуетімізді дамыту сөзсіз жеке табысқа ғана емес, сонымен қатар біздің еліміздің адам дамуының индексінің жоғары құндылығына алып келеді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Добрынин А.И., Дятлов С.А., Цыренова Е.Д. Человеческий капитал в транзитивной экономике: формирование, оценка, эффективность использования. - СПб.: Наука, 1999.
2. <http://mz.gov.kz/kk/pages/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-0> ҚР денсаулық сақтау министрлігінің ресми сайты.
3. <https://camonitor.kz/30772-pochemu-ves-chelovecheskogo-kapitala-v-kazahstane-neznachitelen.html> статья «Почему вес человеческого капитала в Казахстане незначителен?»
4. Ваганян О.Г. Управление формированием и развитием интеллектуального капитала коммерческих организаций // Автореферат на соискание ученой степени кандидата экономических наук. - М., 2008.
5. Данные Всемирного банка // <http://alternatio.org/articles/item/4681>.
6. <https://egemen.kz/article/adami-kapital> «Адами капитал» мақаласы.
7. Исабеков Б.Н. Человеческий капитал. Учебное пособие.- Астана, 2018.- 128 с.
8. Кармазина Ю А адами капиталға инвестициялар ретінде білім беру // Жас ғалым. - 2014 ж. - №7. - Р. 349-351. - URL <https://moluch.ru/archive/66/11040/>
9. The state program of the development of education of RK on 2011-2012. Almaty, 2011;
10. Есимжанова С.Р. Сб. трудов Межд. науч. конф. «Человеческий капитал в Казахстане: состояниенеи перспективы роста», Ч.1, С.63-67, Астана, 2013.

ӘОЖ 338.48(574.1)

#### **МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ТУРИЗМ ӘЛЕУЕТИНІҢ ДАМУЫ**

**Ізімбердиева Ақтоты Қадырбекқызы, Аblaева Гүлмира Жоламанқызы**  
*[aktoty\\_98 - 98@mail.ru](mailto:aktoty_98 - 98@mail.ru); [zholamankuzy.g@mail.ru](mailto:zholamankuzy.g@mail.ru)*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҮУ Экономика факультеті «Менеджмент» мамандығының 2-курс  
студенттері, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі –Онаева Б.Т.

Бұғынгі таңдағы халықаралық экономикадағы туризм саласы – аса өзекті және болжамды салалардың бірі, кейбір елдерде туризм мемлекет табысының бірден-бір көзі болып табылады. Әлемдік туристік үйімнің болжамы бойынша, Қазақстан тұрақты туризмді дамыту үшін болашағы бар елдер қатарында. Барлық туристік нарықта Қазақстанның табиғатына, табиғи ресурстарына және ұлттық мәдениетіне үлкен қызығушылық білдіреді. Қазақстандағы туристік саланы дамытуда үлкен мүмкіндігі бар аймақ – Маңғыстау облысы.

Маңғыстау жері – бұл ежелгі өркениет елі, 11 мың тарихи ескерткіш мемлекеттің қорғауына алынған археологиялық қорық, ашық аспан астындағы мұражай. Ерекше діни ғимараттар мен Бекет-Ата, Шақпақ-Ата, Шопан-Ата, Macat-Ата мешіттерінің өлкесі, оларға